

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық университеті» РММ
Ғылыми кеңесінің шешімінен
БЕКІТІЛДІ

« 23 » 04 2025ж. № 9 хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы
Г.А. Ахмедьяров

**Қабылдау шығармашылық емтихандарына қойылатын талаптар
4S02150104 «Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)»
«Эстрадалық аспаптар»**

Мамандық атауы және коды	Біліктілігі	Базасы	Топ
02150100 «Аспаптық орындау» (аспап түрлері бойынша)	4S02150104 «Эстрадалық аспаптар оркестрінің әртісі (дирижер), балалар музыка мектебінің оқытушысы»	9 сынып базасында	Қазақ. орыс

Ең біріншіден, талапкер К.Байсейітова атындағы ҚазҰӨУ колледжіне түсу ережелерімен танысу қажет.

Ережелер:

«Эстрадалық музыкалық аспаптар. Фортипиано» мамандығына түсетін талапкер «Фортипиано» аспабы бойынша мемлекеттік үлгідегі оқытудан өткені туралы куәлік болуы тиіс.

Қалғаны мамандықтарға 9 сыныпты бітірген талапкерге қойылатын талап - музыкалық білім құпталады.

11-сыныпты бітірген талапкерге қойылатын талап - міндетті түрде Балалар музыка мектебін немесе Балалар өнер мектебін бітіргені туралы куәлік болуы керек.

1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

МАМАНДЫҚ

Мамандық бойынша талапкер емтиханда орындауы тиіс:

«Фортипиано» сыныбы бойынша:

- Полифониялық композиция немесе ірі формадағы шығарма;
- Этюд немесе виртуоздық пьеса (классикалық немесе джаз);

- Бір эстрадалық-джаз пьесасы

Үрмелі аспаптар сыныбы бойынша (саксофон, тромбон, труба):

- Бір пьеса (соның ішінде, кантилдік сипаттағы) немесе сүйемелдеумен циклдық шығарманың бөліктері;
- Екі түрлі сипаттағы эстрадалық-джаз пьесалар минусовкамен.

Соқпалы аспаптар сыныбы бойынша:

- Бір шығарма минусовкамен;
- Негізгі техникалық әдістер және ырғақтық комбинациялар;
- Соло (8-16 такт).

Электрогитара, бас-гитара сыныбы бойынша:

- Джаз стандарты;
- Бір этюд;
- Таңдауы бойынша пьеса (свинг, латино, фанк немесе фьюжн/немесе джаз-рок)

Талаптар:

«Эстрадалық музыкалық аспаптар» мамандығына түсуші талапкерде шығарманы музыкалық мәнерлі орындай білуі, стилін, көркемдік бейнесін түсіне білуі, жақсы есту, есте сақтау, ырғақты сезіну, әртістік қабілетке ие болуы керек, сондай-ақ кәсіптік білім алуға және одан әрі кәсіптік қызметке кедергі келтіретін **физикалық дене кемістігі болмауы тиіс.**

2. ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

СОЛЬФЕДЖИО (жазбаша және ауызша) - емтихан талаптары БММ бағдарламасы бойынша белгіленеді.

I. Музыкалық диктант:


- Бірдауысты.
- Форма - біртональдік периоді, екі сөйлем, 8 такт.
- Жазу уақыты - 25-30 минут.
- Ойнау саны-8-10.
- Өлшем-ырғақтық қиындықтар - қарапайым өлшемдер, сегіздік нүктемен және он алтылық ырғақты топтар, пунктирлі ырғақ (төрттік нүктемен және сегіздік, сегіздік нүктемен және он алтылық),

синкопаның қарапайым түрлері; диктант затактпен немесе онсыз болуы мүмкін

- Интонациялық қиындықтар - қарапайым интервалдар, диатоникалық және гармоникалық үштондықтар, негізгі үшдыбыстық мен септаккордтардың дыбыстары бойынша қозғалу, хроматизмдердің қарапайым түрлері, диатоникалық секвенциялар.

Мысал:

(үрмелі және соқпалы, халық, эстрада аспаптары)



II. Ауызша емтихан:

1. БММ бағдарламасы бойынша теориялық білімді тексеру.
2. Әндету:
 - Ладтар - мажор және минордың 3 түрі, 5 және 7-сатылы халық ладтар;
 - Интервалдар – қарапайым, үштондар және ерекше;
 - Аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстықтар айналымдарымен, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII₇ және Кіш VII₇ негізгі түрде;
 - Бірдауысты нота номерін парақтан оқу. Мысал:

(үрмелі және соқпалы, халық, эстрада аспаптары)



3. Есту талдауы:
 - Интервалдар – қарапайым, үштондар және ерекше;
 - Аккордтар - мажорлық, минорлық және кішірейтілген үшдыбыстықтар айналымдармен, ұлғайтылған үшдыбыстық негізгі түрде, D7 айналымдармен, KVII₇ және Кіш VII₇ негізгі түрде.

* «Эстрадалық аспаптар» (фортепианодан басқа) мамандығына бастауыш музыкалық білімі жоқ талапкерлер үшін сольфеджио емтиханы музыкалық деректерді, музыкалық есту мен есте сақтауды тексеру түрінде өткізіледі.

ПЦК «Эстрада өнері» төрағасы



Б.Ж. Оспанов

ПЦК «Музыка теориясы» төрайымы



Н.К. Жолдасова

«Эстрадалық өнер» кафедраның менгерушісі



О.И. Джулдиева